ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абилкайыр-хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

2018 жылғы «28» тамыз
№ 09-08- 738 / 2579

«Жаңа Түбек Компаниясы» ЖШС-не

baken_75@mail.ru

2018 жылғы 20 шілдедегі «Жаңа Түбек Компаниясының» ЖШС-нің №20805 веб порталдағы шағым хатына Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті №2714130-1 «Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк а. Сейфуллин көшесі бойында «Достық» алаңы құрылысы» ашық конкурсы бойынша:

Шағым хатта конкурстық комиссияның №2423798 қорытындылар туралы хаттамасындағы шартты жеңілдік бойынша есептелген ұпайға келіспейтіндігі, конкурсқа қатысуға негізсіз өткізілмегендігіне және конкурс жеңімпазының конкурсқа қатысуға өткізілгендігіне келіспейтіндігі баяндалған.

Конкурстық комиссия «Жаңа Түбек Компаниясының» ЖШС-не менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттары үшін шартты жеңілдік есептемеген.

Алайда, әлеуетті өнім беруші ҚР Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 157 және 158-тармақтарына сәйкес конкурс құжаттамасының 5-қосымшасында *ЖТК Сертификат ISO.pdf* құжатында сәйкестік сертификаттарының бар екендігін көрсеткен. Демек, менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттары үшін шартты жеңілдік 3%-ға тең болуы қажет. Бұзушылықты жою мақсатында конкурсты ұйымдастырушыға хабарлама жолданғандығын хабарлаймыз.

Конкурстық комиссия «Жаңа Түбек Компаниясының» ЖШС-ін қорытындылар туралы хаттамада «*приложение 5 к конкурсной документации привлекаемого субподрядчика заполнено не в полном объеме (отсутствует п.5 сведения о наличии соответствующего разрешения); не заполнен пункт 5 приложения 5 сведения о наличии соответствующего разрешения поставщика*» деп өтінімін қабылдамай қойған. Камералдық бақылау барысында Қағиданың конкурс құжаттамасының 5-қосымшасына сәйкес конкурстық комиссияның шешімі заңды болып табылатындығы анықталды. Себебі, әлеуетті өнім беруші біліктілігі туралы мәліметті нысанға сәйкес орналастырмаған. Конкурстық

комиссия 2018 жылғы 9 шілдедегі №2412438 алдын-ала ашу хаттамасында аталған бұзушылықтың бар екендігіне ескерту жасаған.

Ал, "КМК Строй" ЖШС-нің қосалқы мердігері «АктобеСтройЭксперт» ЖШС-і конкурс құжаттамасының 10 және 5-қосымшаларын нысанға сәйкес орналастырған. Қағиданың конкурс құжаттамасының 5-қосымшасы «*Осы қосымшаның 3 және 4-тармақтарының талаптары құрылыс (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.*

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.» ескерпесіне сәйкес әлеуетті өнім беруші материалдық және еңбек ресурстарының талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Департамент басшысының м.а. **Қ.М.Рахметов**

Д.Алматов
Тел:54-41-76